

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 904 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 904 қаулысымен.

Заң жобалау қызметін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.02.2016 N 87 қаулысымен.
2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.02.2016 N 87 қаулысымен.
3. Заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарының орындалуын жалпы бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Уәкілетті мемлекеттік органдар әр айдың 25-ші күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне шұғыл және басым заң жобаларын, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмаларынан туындайтын заң жобаларын дайындау, заң жобаларының Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламентінде өтуі туралы ақпаратты, сондай-ақ заң жобалау жұмыстарының орындалу барысы туралы есепті ұсынсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 172 Қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілетті мемлекеттік органдардың заң жобалау қызметінің барысын ай сайын қорытсын, шұғыл және басым заң жобаларын, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмаларынан туындайтын заң жобаларын дайындау туралы ақпаратты, сондай-ақ заң жобалау жұмыстары жоспарларының орындалу барысы туралы ақпаратты дайындасын және есепті айдан кейінгі айдың бірі күніне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберсін;

уәкілетті мемлекеттік органдардың заң жобаларын әзірлеу мерзімдерін бұзушылықтары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жедел хабарласын және анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды ұсынсын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 172 Қаулысымен.

6. Уәкілетті мемлекеттік органдар Үкіметтің Парламентке енгізген заң жобаларының мәтіндеріне заңның тұжырымдамасымен, оның құқықтық мазмұнын өзгертумен байланысты және мемлекеттік кірістерді азайтуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін өзгерістер мен толықтыруларды Үкіметпен келіспей енгізуді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентінің 79-тармағының талаптарын қатаң орындауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1300, 2007.03.20. N 217 Қаулыларымен.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Парламенттегі Өкілдігі Премьер-Министрді, оның орынбасарлары мен Премьер-Министр Кеңесінің Басшысын Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізетін заң жобаларының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметіне қатысы бар Қазақстан Республикасының Парламенті қарайтын басқа да мәселелердің өту процесі туралы тұрақты хабардар етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 11 қыркүйектегі
N 1376 қаулысымен
бекітілген

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.02.2016 N 87 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 11 қыркүйектегі
N 1376 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру ережесі

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.08.21. N 840
Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК